



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 2 (101)

Астана
2023

БАС РЕДАКТОР

СЫДЫҚОВ
Айбек Жексенәліұлы

– PhD, ҚР Ұлттық музейінің директоры (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, ҚР Ұлттық музейі директорының орынбасары (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейінің бас ғылыми қызметкері (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан)

АЙМҰХАМБЕТ
Жанат Әскербекқызы

– филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Археология және этнология кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– тарих ғылымдарының кандидаты, Торайғыров университеті, Ә.Х. Марғұлан атындағы Біріккен ғылыми археологиялық орталық директоры (Қазақстан)

ЖАБАҒИН
Мақсат

– тарих ғылымдарының кандидаты, «Ұлттық биотехнология орталығының» Адам генетикасы зертханасының меңгерушісі (Қазақстан)

БИҒОЖИН
Ұлан

– PhD, Назарбаев университетінің қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

САБИТОВ
Жақсылық

– PhD, «Жошы Ұлысын зерттеу» зерттеу институтының директоры (Қазақстан)

ДЮПЮИ
Паула

– PhD, Назарбаев университетінің қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

ҚАРА
Әбдуақап

– доктор, профессор, Мимар Синан көркем өнер университетінің профессоры (Түркия)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, Висконсин университетінің профессоры (АҚШ)

АЙТПАЕВА
Гүлнар Аманқызы

– филология ғылымдарының докторы, профессор, Жүсіп Баласағын ат. Қырғыз Ұлттық Университеті, «Айгине» мәдени-зерттеу орталығының директоры (Қырғызстан)

РАДИВОЖЕВИЧ
Мильяна

– PhD, Лондон университеті колледжі, Археология институтының археология кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Ұлыбритания)

EDITOR-IN-CHIEF

Aibek Sydykov – PhD, Director of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Akmaral Ibrayeva – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the Kazakhstan National Academy of Natural Sciences, Deputy Director of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Zhaken Taimagambetov – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, Chief Researcher of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Zainolla Samashev – Doctor of Historical Sciences, Chief Researcher of the A.Kh. Margulan Institute of Archaeology of CS MSHE RK (Kazakhstan)

Zhanat Aimukhambet – Doctor of Philology, Professor of the Department of Kazakh Literature of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Ulan Umitkaliev – Candidate of Historical Sciences, Head of the Department of Archaeology and Ethnology of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Victor Merts – Candidate of Historical Sciences, Director of the A.Kh. Margulan Joint Archaeological Research Center (Kazakhstan)

Maxat Zhabagin – Candidate of Historical Sciences, Head of the Laboratory of Human Genetics of the National Center of Biotechnology (Kazakhstan)

Ulan Bigozhin – PhD, Associate Professor of Nazarbayev University (Kazakhstan)

Zhaxylyk Sabitov – PhD, Director of the Institute for the Study of Ulus of Jochi (Kazakhstan)

Paula Dupuy – PhD, Associate Professor of Nazarbayev University (Kazakhstan)

Kara Abdulvahap – Doctor, Professor, Professor at Mimar Sinan University of Fine Arts (Turkey)

Uli Schamiloglu – PhD, Professor of the University of Wisconsin (USA)

Gulnara Aitpaeva – Doctor of Philology, Professor, Director of the Aigine Cultural Research Center of the Zh. Balasagyn Kyrgyz National University (Kyrgyzstan)

Radivojevic Miljana – PhD, Associate Professor of the Department of Archaeology of the Institute of Archaeology of the University College London (UK)

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

СЫДЫКОВ
Айбек Жексеналиевич

– PhD, директор Национального музея РК
(Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Национального музея РК (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник Национального музея РК (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МНВО РК (Казахстан)

АЙМУХАМБЕТ
Жанат Аскербековна

– доктор филологических наук, профессор кафедры казахской литературы Евразийского Национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, заведующий кафедры Археологии и этнологии Евразийского Национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– кандидат исторических наук, директор Объединенного археологического научно-исследовательского центра им. А.Х. Маргулана (Казахстан)

ЖАБАГИН
Максат

– кандидат исторических наук, профессор, Заведующий Лаборатории генетики человека Национального центра биотехнологии (Казахстан)

БИГОЖИН
Улан

– PhD, Ассоциированный профессор Назарбаев университета (Казахстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD, Директор научного института "Изучения Улуса Джучи" (Казахстан)

ДЮПЮИ
Паула

– PhD, Ассоциированный профессор Назарбаев университета (Казахстан)

КАРА
Абдулвахап

– Доктор, профессор Университета изящных искусств имени Мимар Синана (Турция)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор Висконсинского университета (США)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– доктор филологических наук, профессор, директор культурно-исследовательского центра «Айгине» Кыргызского Национального университета им. Ж. Баласагына (Киргизстан)

Радивожевич Миљяна

– PhD, ассоциированный профессор Кафедры археологии, Института археологии Университетского колледжа Лондона (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Тарих / History / История

- Гиззатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал губерниясындағы ашаршылық: себептері, жүру барысы және зардаптары
Gizzatov S.M. Famine in the Ural province of 1921-1922: causes, stages and consequences
Гиззатов С.М. Голод в Уральской губернии 1921-1922 гг.: причины, стадии и последствия 6

Археология / Archaeology / Археология

- Байғалиев Ж.Р. Батыс Қазақстанның ортағасырлық қалаларындағы кан арналары және суфалар
Baigaliyev Zh. R. Kan canals and sufas in medieval cities of Western Kazakhstan
Байғалиев Ж.Р. Каналы кан и суфы в средневековых городах Западного Казахстана 24

Этнология / Ethnology / Этнология

- Бейсегүлова А.К. Өзбекстан және Түркия қазақтары арасындағы ұлттық құндылықтар мен мәдени мұралар: қолданылуы мен қастерлеу деңгейі
Beysegulova A.K. National values and cultural heritage between the Kazakhs of Uzbekistan and Turkey: the level of use and storage
Бейсегүлова А.К. Национальные ценности и культурное наследие между казахами Узбекистана и Турции: уровень использования и хранения 33
- Рахимов Е.К., Искаков Қ.А. Музейлік этнографияның өзекті мәселелері
Rakhimov Y., Iskakov K. Current problems of the museum ethnography
Рахимов Е.К., Искаков К.А. Актуальные проблемы музейной этнографии 54

- Байбосынова Ү.М. Сыр бойы қазақтарының дәстүрлі эпикалық шығармаларындағы ислам тақырыбы
Baibosynova U.M. Islam in the traditional epic works of the Kazakhs of Syrdarya
Байбосынова У.М. Ислам в традиционных эпических произведениях казахов Сырдарьи 67

- Сайлау А., Жалғасбайқызы Л. Сыр бойындағы ислам құндылықтары
Sailau A., Zhalgasbaikyzy L. Ценности ислама региона Сырдарьи
Sailau A.K., Zhalgasbaikyzy L. Islamic values of the Syr region 87

Музейтану / Museology / Музееведение

- Ақжасарова А.К., Жұмағұлова Қ.Б. ҚР Ұлттық музейінің қорларындағы Ж. Тәшеневтің жеке заттарының топтамасы
Akzhasarova A.K., Zhumagulova K.B. Collection of personal belongings of Zh. Tashenev from the funds of the National Museum of the RK
Ақжасарова А.К., Жұмағұлова Қ.Б. Коллекция личных вещей Ташенева Ж. из фондов Национального музея РК 103

Өнертану / Art history / Искусствоведение

- Батырева К.П., Батырева С.Г. Образ учителя Зая-пандиты в изобразительном искусстве Калмыкии
Batyreva K.P., Batyreva S.G. Қалмақ бейнелеу өнеріндегі Зая-пандита ұстаздың бейнесі
Batyreva K.P., Batyreva S.G. The image of the teacher Zaya-pundita in the visual arts of Kalmykia 110
- Ақсақалова Ж.А. Қазақ хандығы тарихының кескіндеме өнеріндегі көрінісі
Aksakalova Zh.A. Reflection in the visual arts of the history of the Kazakh Khanate
Аксакалова Ж.А. Отражение в изобразительном искусстве истории казахского ханства 123

Тұлғалар / Personalia / Персоналии

- Мұхтар Қожа. Өзбекәлі Жәнібековтің үш хаты
Mukhtar Kozha. Uzbekali Dzhanibekov 's letters
Мұхтар Қожа. Письма Узбекали Джанибекова 137

Біздің музейдің тарихы / История нашего музея / History of our museum

- Нурахметова Г.Б. Предыстория появления музеев в Павлодарском Прииртышье
Nurakhmetova G.B. Павлодардағы Ертіс өңірінде музейлердің пайда болу тарихы
Nurakhmetova G.B. History of the emergence of museums in the Irtysh region in Pavlodar 145

FTAMP: 21.15.47

Байбосынова Ұ.М.¹¹Қазақ ұлттық өнер университеті

Астана қ., Қазақстан

e-mail: ulzhan_mb@mail.ru

СЫР БОЙЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЭПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ИСЛАМ ТАҚЫРЫБЫ

Аңдатпа. Мақалада Сыр бойы қазақтарының эпикалық шығармаларындағы ислам дініне қатысты сюжеттер беріледі. Бұл дәстүрлі дүниетаным мен ислам дінінің өзара қарым-қатынасы мен сабақтастығын айғақтайды. Сыр бойы қазақтарының эпикалық шығармаларындағы ислам дінінің көріністерін жан-жақты қарастыру, оны аталмыш өңірден шыққан мәдениет жасаушы тұлғалардың шығармаларының мазмұнымен салыстыра зерттеу. Зерттеу мақсатына сәйкес эпикалық шығармалардың жанрлық ерекшелігіне, хронологиялық және мазмұндық өзектілігіне қарай бөліп қарастыру. Зерттеу мақаланың өзекті мәселелерін талдау барысында, А. Байтұрсыновтың, З. Қабдоловтың, О.А. Ибрагимов, А. Жұбанов, А.Ф. Эйхгорн, Б.Г. Ерзаковичтің зерттеу жұмыстары қаралып, Омар Шораяқұлының, Тұрмағамбет Ізтілеуовтің, Ерімбет Көлдейбекұлының және басқа да жыршы, өнерпаздардың шығармаларындағы ислам тақырыбының көріністері талданды. Мақаланың зерттеу нысанына қарай, Сыр бойы қазақтарының дәстүрлі эпикалық шығармаларындағы ислам мәселелері қарастырылды. Бұл аталмыш өңір қазақтарының мәдени әлеуетінің тереңдігін көрсете отырып, діни мәселелердің ерте кезден-ақ халық арасында жыраулар арқылы насихатталғанын көрсетеді. Сонымен қатар, Сыр бойы жыраулық мектебінің көрнекті өкілдерінің шығармаларында және жанрлық ерекшеліктерінде ислам діні мәселелері құрамдас бөлігі ретінде қалыптасқаны анықталды.

Кілт сөздер. Сыр бойы, эпос, ислам, мәдениет, фольклор, дін, дәстүр.

Кіріспе

Орта Азия мен Қазақстан тарихында Сырдария өзені жағалауларын мекендеген халықтардың мәдениеті әлемдік өркениеттік дамуда өзіндік орны бар мәдени-тарихи орта болып есептеледі. Бұл тұрғыда Сыр

бойындағы жыршылық өнердің басты тақырыптарының негізгі ұйытқысы ретінде ислам дінінің насихатталуы болды. Бұл ислам мәдениетінің таралуы мен Орта Азия жеріндегі кең қанат жаюындағы ерекшеліктерді қамтыды. Сыр бойындағы дәстүрлі жыршылық

өнердегі ислам тақырыбының көрініс табуы тұтас алғанда қазақ әдебиетінің тарихи даму үдерісі барысында қалыптасқан жанрлардың байырғы классикалық формасы екенін көрсетеді. Қазақтың ақындық, шайырлық поэзиясында А. Байтұрсынов пен З. Қабдолов қисындары жүйесіндегі мысал, хикаят, қисса, дастан үлгілері мол жырланған. Сыр бойының ақындары мен шайырлары мұраларындағы ислам дінінің тарихын, қағидаларын, діни тұлғалар көрсеткен түрлі ғажайып уақиғаларды өзегіне арқау ету арқылы бұқара халықтың санасына ислам мәдениетін сіңіруді мақсат еткен шағын және күрделі жанрлардың аужайы өз алдына сөз етілуге тиіс өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сондай шағын жанрлардың бір түрі – мысал мен хикаят. Сыр бойындағы дамыған поэзия түрлері, әдетте белгілі бір өңірлік ерекшеліктерді қамти отырып, дәстүрге негізделген мақам арқылы жыршылардың орындауына ыңғайластырыла жасалғаны белгілі. Ал бұл үдеріс міндетті түрде тыңдаушы мен орындаушының арасындағы шығармашылық байланысты қамтамасыз етеді. Аталған шағын жанрлар, сондай кезде, шағыннан күрделіге қарай екпіндеп, дамыта жырлау үдерісін қамтамасыз ету кезінде, тыңдаушы топтың ретіне, танымына қарай, өз бетінше айтыла беретінін де атап өту маңызды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланың материалдық базасын қазақ халқының эпикалық шығармалары құрайды. Сонымен қатар, Сыр бойы қазақтарының дәстүрлі жыршылық мектебінің көрнекті тұлғаларының жырлары, мысал, хикаят, дастан сияқты жанрларда жеткізген

шығармаларындағы ислам мәселелері қамтылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес қазақ халқының фольклоры мен рухани мұрасына қатысты материалдар мен арнайы зерттеу әдебиеттерін жүйелеу, зерттелу тарихына қарай хронологиясына сараптама жасалды. Тақырыптың зерттелу деңгейінің әртүрлі болуымен, зерттеу нысандары мен пәнаралық байланысты қажет еткендіктен тарихнамалық талдауды қажет етеді. Мұнда тарихи салыстырмалы әдіс, зерттеудің дискурсивті әдістері, этнографиялық зерттеулер мен материалдарды сараптау, эпикалық шығармалардағы сюжеттердің шынайылық тұрғысында сыни талдаудан өткізу әдістері қолданылды.

Талдау

Әдебиеттану ғылымының теориялық анықтамаларында шығарманың қоғамдық, әлеуметтік ортаның немесе жекелеген адамдардың қолайсыз жақтарын, келеңсіздікті, кемшілікті астарлап айтып сынауға құрылатыны айтылады. Тіршіліктің сан түрлі мәселелері мен адам өміріндегі қарама-қайшы құбылыстардың өзара тығыз бірлікте болатыны табиғи нәрсе. Осы тұрғыда қазақ әдебиеттану ғылымындағы мысал жанрында ақындар мен шайырлар көз алдарында өтіп жатқан, бұрын болған немесе адам өмірінде кездесуі мүмкін жағымсыз қылықтарды жаратылыстағы тіршілік иелері (аң, құс, төрт түлік мал), заттар (су, өсімдік, тау) арқылы тұспалдау арқылы бейнелейді. Қазақ сөз өнері жанрларын зерттеудің негізін салушы Ахмет Байтұрсынов мысалдағы бейнелеу тәсіліне қатысты, «Бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, ғамалын

екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту бернелеу болады» (Байтұрсынов, 1989: 161) деп тұжырым жасайды. Демек, адамзат баласының жүріп өткен тарихында қоғамдық, әлеуметтік қарым-қатынастар жан-жақты, сан қырлы қасиеттерімен саралана танылуында астарлап, тұспалдай сөйлеу арқылы өнердің сондай эстетикалық қызметі арқылы адам мінезіне оң баға беруге болатыны ақиқат. Бұл жайында академик З. Қабдолов былай дейді: «Мысал – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатта, көбіне аң, хайуанаттар, кейде зат туралы жазады да, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырылып, сықақпен сыналады. Мазмұны бүкпелі болғанмен, идеясы астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді» (Қабдолов, 1983: 303).

Демек ақын, шайырлардың шығармаларының адам тәрбиесіне арналған бағдарында мысалдың сонау ежелгі замандардан бері өмір сүруінің қоғамдық, әлеуметтік, эстетикалық мәні айқын екенін аңғару қиын емес. Ал, сөз арқауындағы Сыр бойы ақындары мен шайырлары шығармаларындағы мысал жанрының исламдық тәлім, тәрбие мұраттарын, имандылық, адамгершілік тағылымын нысана ететіні осындай дәстүрлі дамудың заңды жалғасы деуге келеді. Мысал мен хикаяның тақырыптық мазмұнында адамдар да қатысатын үлгі Шығыс елдері әдебиеттерінде қалыптасқан. Сюжеттегі негізгі оқиғаға қосымша композициялық құрылымды құрайтын авторлық кіріспе, түйіндеу болады. Авторлық түйіндеулер нақылдық, дидактикалық, философиялық ойлармен беріледі. Осындай

мәндегі пікірлер А.Ф. Эйхгорнның «Музыкальная фольклористика в Узбекистане», Б.Г. Ермаковичтің «Музыкальное наследие казахского народа», А. Жұбановтың «Өскен өнер», Б.М. Жүсіповтың «Сүлейлер» сияқты зерттеу жұмыстарында кездеседі.

Нәтижелер

Қазақ әдебиетінің тарихи даму үдерісі барысында қалыптасқан жанрлардың барлығы да байырғы классикалық үрдістермен сабақтас дамитын, кейде өзгеріске түсіп әлсірейтін, кейде күшейе түсетін кәдімгі табиғи нәрсе. Әдеби тек пен түрдің қайсысы болсын, әдебиеттану қисындарының аясында қарастырылады. Алаш зиялыларының көсемі А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышында» әлемдік әдебиет теориясының ізімен әдебиет тектерін әуезе (эпос), толғау (лирика), айтыс-тартыс (драма) деп жіктейді. Академик З. Қабдолов «Эпостық шығарманың арқауы автор үшін «ішкі» субъективтік шындық емес, «сыртқы» объективтік шындық, жекелеген адамдардың көңіл-күйі ғана емес, бүкіл халықтың тұрмыс-тіршілігі, тарихи тағдырлары мен ұлттық даму заңдылықтары. Осыдан келеді де дәуірлік құбылыстар мен қоғамдық қатынастарды көркем жинақтаудағы жұртқа мәлім эпикалық құлаш деген ұғым шығады. Бұл эпосқа тән айрықша сипаттардың бірі» (Қабдолов, 1982: 301) дейді.

Сыр бойының шайырлары мен ақындары мұраларында мысал үлгісін қолдануда ислам мәдениетін уағыздауға ерекше мән беріледі. Сондай-ақ, оқиғаға қатысатын мысал кейіпкерлерін өзара әңгімелестіру (диалог) әдісі тұрақты қолданылады. Сөз арқауындағы Шығыстың классикалық өнері дәстүрін тұтынған Базар, Ерімбет,

Омар, Тұрмағамбет, Жүсіп, Шегебай, Сейітжан секілді шайырлардың мысал жанрындағы шығармалары көбінесе ислам тарихындағы жеке тұлғаларды, оқиғаларды арқау ету табиғатына орай олардың осы жанрдағы шығармаларын мысал және хикаят жанрлары түрлерінде атауға болатыны байқалады.

Мысалы, Омар Шораяқұлының «Ақымақтың досы – дұшпан, жақыны – жат», «Шишадан тән айлаған шишты құдірет», «Жәрдемші Жаппар атты жалғыз еге», «Бір пияла май», «Қойшы мен ұры» деген шығармалары мысал мен хикаят түрінде жазылған. Бұл орайда профессор Т. Қожакеевтің «Сатиралық жанрлар» атты еңбегіндегі осындай тектес шығармалар туралы айтқан пікірінің Сыр бойы ақын, шайырларының мысал, хикаяттарын түсінуге бағдары дәйекті: «Кейде мысал бір адамның басында болған хикая деп те жазыла береді. Бірақ мұндай адам туралы жазғанымыз мысал болу үшін оның екінші мағынасы, астарлы пікірі болу керек. Яғни, адам туралы жазылған мысалдарда пікір дәл сол адамның өзі туралы емес, басқа біреулер, басқа бір типтер туралы болады. Осылайша пікірді астарлап, мысалдап, айшықтап айтса, олар да мысал деп саналады» (Қожекеев, 1983: 13).

Сыр бойы шайырларының ішіндегі Иассауи поэзиясының исламдық көзқарастары жүйесінде қалыптасқан сөз иесінің бірі Шораяқтың Омары. Ол ислам тарихындағы көрнекті тұлғалардың Алла жолындағы іс-әрекеттерін баяндай келе, олардың өнегелі жолындағы тағылымның маңыздылығына, мәнділігіне ерекше баға береді. Адамзаттың материалдық және рухани мәдениет айдыны дамуындағы шешуші, ықпалды, бағдарлы түрдегі ислам

қазынасын Омар шығармашылығынан мол ұшырататынымыз сондықтан. Өйткені, хикаят арқылы пайғамбарлар тарихын баяндау адамзат тағдырының белестерін өнеге ете мысалдаудың жарқын үлгісі:

Искендір қос мүйізді Зұлқарнайын,
Дүниені екі айналды Гоһикаптан,
Төрт өліп, төрт тірілді әзірет Ыдырыс,
Иә ерте шықпайды жан, кем сағаттан.
Кинхаға Якуб нәби патша болып,
Кәпірді дұғасымен отқа жаққан.
Нуһының наласымен жердің жүзін,
Қаптап от, топан суы дұға айбаттан.
Қарнында бір балықтың қырық күн
дауам,

Сақталып, Жүніс нәби аман шыққан.
Арамен кесті кәпір Зікірияны,
Түбінде қорғалаған бір дарақтан.
Атасыз Иса туып Мәриямнан,
Тірілкен неше өлікті қарамадан.
Дүниеге дүйсенбі күн пайда болып,
Нақ достың алсаң хабар назараттан.
Бір күні таң алдында, мініп пырақ,
Құдайға, Жәбірейілмен

барып қайтқан.

Солардай Хақтың досты әрдайымда,
Айтпақ жөн хикаяны етіп дастан.

(Шораяқтың Омары, 1995: 55).

«Бір пияла май» деген мысалда пайғамбардың сахабасы, халифа Омардың тұсындағы оқиға баяндалады. Жинақтаған барлық пұлына базардан бір пияла май сатып алып келе жатқанда, аяғы бұтаға ілініп құлап, бар майы төгіліп қалғанда, қарт кісі сахаба Омарға арыз етіп, «Сен егер әділетті патша болсаң, Майымды әпер жерден сол төгілген» дейді (Шораяқтың Омары, 1995: 58). Қартқа уәде берген Омар қара жерге әмір бергенде, төгіліп, жерге сіңіп кеткен майы қайта шығады. Майын түгелдеп алған баба, Омарға рақметі мен алғысын айтады. Ғаріпке көмек берген әділ Омарға алғыс білдірген баба,

«Өзіңді Алла тағала жарылқасын!» деп, гайып болады.

Бұл мысалдың ғибраттық түйіні – әкім атаулының халыққа, жетім-жесірге, зәбір-жапа шеккендерге әділ, қамқор болу керектігі жайындағы ұлағатты насихаттау. Міне, сонда ғана Алла мен адамдардың арасындағы тылсым, табиғи байланыс өз қалпына түсіп, өмірдің бұлтартпас заңдылықтары сақталмақ. Туындының соңындағы айтқан нақылы ислам тарихындағы өнегелі тұлғалардың істері арқылы, ұрпақты тәрбие тәліміне шақыру идеясын насихаттаудан танбайды.

Шайырдың мысал, хикаяттарында дидактикалық, ғибратшылдық сарын адамзат баласының дүнияуи қатынастарындағы, әлеуметтік ортадағы іс-әрекеттері аясында танымдық, тәрбиелік үгіт мақсатында жырланады. Қауымдастық қарым-қатынас, адамгершілік мінез-құлық мәдениетінің өнер тілінде жырлануында Сыр бойы шайырларының мысал, хикаяттары ықпалды құрал болып танылады. Халықтың әр түрлі жастағы әлденеше буын өкілдері осындай туындыларды оқып, тыңдап, жаттап, тағылымын меңгеруге қалыптасқан. Мұсылмандық Шығыстың тарихи өнернамалық туындыларын оқу және тыңдау арқылы ақындар азаматтық тәрбие беру мен халықтық білім беру жүйесінің мақсаттарын орындады.

Сыр бойы шайырларының шығармашылығындағы мысал мен хикаяттар қатарында біз Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Лұқпан хакім», «Ата мен бала», «Сүлеймен мен кірпішешен», «Сүлеймен хикаясы», «Ақ құстың хикаясы», «Дарақ пен сая», «Жолаушы мен дана», «Пайғамбар мен киік», «Жылан хикаясы» атты туындыларды атай аламыз. Сыр бойындағы ахун,

ұстаздардан бастауыш білім алып, кейін Бұхардағы Көкелташ медресесінен оқып, кемелденген молда Тұрмағамбет ислам мәдениетіне тән заңдылықтарды жырлайды.

Мысалы, Лұқпанның ұлына айтқан үш насихатының айтпақ ғибраты «Лұқпан хакім» шығармасының желісіне арқау етіліп, өмірлік мәні зор үш мәселе күн тәртібіне көтеріледі. Біріншісі, қатынына жасырын сыр айтпау. Екіншісі, жаңадан мал біткен адамнан қарыз алмау. Үшіншісі, патшаның жеңдетімен, жалпы жеңдет атаулымен жақын болмау. Әкесі айтқан осы үш насихатты баласы керісінше істеп, сөзін сынағысы келеді. Бір қойды сойып, қапқа салып, қатынына адам өлтіргенін айтып, бірге көмеді. Жаңа байыған адамнан қарыз алады, патшаның жеңдетімен дос болады. Лұқпанның айтқаны кейіннен дәл шығады, яғни жігіт бір күні қатынын сылтау тауып ұрады, ол шаптығып, байының адам өлтіріп, көміп қойғанын патшаға білдіреді. Патша жеңдетін жұмсаса, оның досын қорғау ойында жоқ, өлтіруге дайындалады. Тап сол кезде, жаңа байыған адам қарызын сұрап келіп, байғұстың жағасына жармасады. Хан Лұқпанның баласына лайықсыз бұл оқиғаның мәнісін сұрағанда, жігіт бәрін де қайтадан баян етеді. Ақынның ұсынып отырған қағидасы Құрандағы 31-сүренің кейіпкері Лұқпан дананың өмірлік өсиетін насихаттау, сол арқылы ислам дінінің адамзат тәрбиесіндегі ықпалды, қуатты құрал екенін дәлелдей түсу.

Шайырдың «Төрт дос» деген мысалында адамзаттың берекелі тұрмысы үшін қажетті ауызбірлік, достық ұлағаты өнеге етіледі. Сюжетке тасбақа, түлкі, қарға, киік – төртеуінің достығы сынға түскен оқиғасы арқау етілген. Ауға түскен киікті құтқаруға үшеуі де қатысады. Киіктің тұзаққа

түскенін қарға келіп хабарлап, алдын ала келісім бойынша, түлкі ақсаңдап қашқанда, аңшы оны қуа жөнеледі. Тасбақа өзінің таныс тышқанын ертіп келіп, тұзақты қиып, киікті құтқарады. Дамолланың айтпақ түйінді ойы, берекенің кепілі болып есептелетін бірлік идеясы: «Береке болмай қалмас қай күнде де, Бірлікпен осылайша басты қосқан» (Ізтілеуов, 1972: 125).

Сыр бойы ақындары мен шайырларының мысал, хикаяттарды жырлауда Құран Кәрім сүрелерін қирағаттап оқитын ахун, қари, хафиздердің насихатшылық, ұстаздық ықпалы анық байқалады. Сонау Мекке мен Мединеде негізі қаланып, әлемдік маңыз алып, дүниенің төрт тарабына қанатын кең жайған ислам мәдениетіндегі мағыналық және мақамдық тұтастықтан құралатын исламдық мазмұндағы ақындық, шайырлық өнер туындыларының өзіндік эстетикалық ерекшеліктері бар. Сөз арқауы болып отырған мысал, хикаяттардың сюжеттеріне сәйкес келетін Құран сүрелеріндегі аяттарды дауыстап, мәнерлеп айтатын қайырымдардың оқу, жырлау үдерісіне де әсері мен ықпалы бар.

Бұл шығармалардағы авторлық идеялар сөз өнері шығармаларының халықтық сипатымен бір өрімде дәлелденеді. Ал тақырыптық, идеялық, сюжеттік, композициялық ерекшеліктер қазақ әдебиеті мұраларының ұрпақ тәрбиелеудегі қызметін нығайта, тереңдете түсетіні анық. Аталған мысал, хикаяттарды жырлап, халық арасына кең таратудың Сыр бойындағы жыршылық орындаушылық өнер мектептері аясындағы өзіндік дәстүрлері де бар. Мысалы, аталған мысал, хикаяттар негізінен Жиенбай жыраудың мақамы деп аталып кеткен әуендік дәстүрлер

аясында орындалады. Әрине, бұл арада саралап көрсетуге болатын мынадай ерекшеліктер байқалады: біріншіден, мысал, хикаяттардың құрылымындағы авторлық кіріспе және қорытынды бөлімде қолданылатын дауыс ырғақтарының мақамдық иірімдерінде шығарма авторының өзіндік келбеті мен азаматтық парасатын орындаушы дәл елестетуге тырысады. Сөйтіп, әдеби шығармадағы авторлық тұлғаның өзіндік мінез-құлық психологиясы осындай дидактикалық сипат жүйесінде дараланады. Екіншіден, мысал, хикаяттардың негізгі оқиға жүйесін баяндайтын сюжеттік жырлау негізінде автор мен шығарманы ауызша жырлаушы екеуінің рухани тұлғалары айырықша даралана түседі.

Бұл жерде шығарманың негізгі авторынан гөрі, тыңдаушының назары орындаушы жыршының сөз бен әуез қосындыларын терең драматургиялық толғаныспен беруіне ерекше күш салынады. Оқиға арқауындағы кейіпкерлердің мінез-құлықтарын жыршы өзінің дауыс, бет-бейне құбылыстары арқылы тыңдаушыларына сіңіре түседі. Тыңдаушының көз алдында орындаушы жыршының өзі бейне бір сол кейіпкердің өзіндей елестеп кетеді. Шығарма арқауындағы Алла мен оның жолын насихаттаушылардың, ислам өркениеті үшін күресушілердің имандылық істеріне деген мұсылмандық сенім негіздері осылайша нығайып, сөз бен саз қосындылары арқылы исламды адам санасында орнықтыра түсудің пәрменділігі одан сайын күшейе түседі.

Мысал мен хакаят – өткен мен бүгінді болашақпен байланыстыратын адам өмірін басты құндылық ретінде қарастыратын гуманистік сенімдерді тануға жетелейтін тәлім мен тәрбиенің құралы. Сыр бойы

ақындары шығармаларындағы мысал, хикаяттардың тақырыптық, идеялық, мақамдық үлгілерін әдебиеттану, өнертану тұрғысынан қарастыру арқылы ұлттық, этнографиялық болмысы күрделі өзекті мәселелерді тануға қол жеткіземіз.

Сыр бойы шайырлары мен ақындарының эпикалық шығармаларының ішінде ислам тақырыбына арналған қисса, дастандар да бар. Олардың негізгі сюжеті VII ғасырдан бастап әлемге кең қанатын жайған ислам діні тарихындағы көрнекті оқиғаларды баяндауға арналған. Мұхаммед пайғамбардың (с. ғ. с) Алладан уахи болған Құран арқылы ислам мәдениетін уағыздауы, оған көмекші болған сахабалар, дінді ұстанған басқа да ізгі адамдар туралы жазылған аталмыш туындылардың халық арасындағы беделі де ерекше болды. Әрине, бұл арада біз мұсылмандық Шығыстың сөз өнерінде ислам тақырыбындағы шығармалардан басқа да халықтардың қалыптасу тарихымен сабақтас туындылардың болғанын білеміз.

Сыр бойы шайырларының Құран Кәрім сюжеттерінің негізінде жазылған қисса, дастандары әлемдік сөз өнері тарихындағы нәзирагөйлік дәстүрдің қазанынан шыққан көрініс. «Нәзира (ар. – жауап, ұқсату) – мұсылмандық шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс. Белгілі бір шайырдың өзіне дейінгі классикалық шығармаға «жауап қату» түрінде өнер сынасу, өлең жарыстыру мақсатында пайда болған» (Әдебиеттану терминдері, 1996: 148). Бұлай дейтін себебіміз, Тұрмағамбет, Ерімбет, Омардың шығармашылық мұраларында Құран сюжеттері, араб, парсы, үнді, түркі халықтарының аңыз, әпсана, ертегілері негізінде қалыптасқан классикалық

Шығыс әдебиеті ақындары жырлаған қисса, дастандармен тақырыптас шығармаларды қайта жырлап, нәзиралау үрдісі өлкеде кең қанат жайды. Мысалы, Ерімбет Көлдейбекұлының «Мұхаммед пайғамбар туралы хикая», «Әзірет Әлі мен Дариха қыздың күресі», «Әзірет Әлі мен Мағауияның күресі», «Садуақас сахи», «Ақтам сақаба», «Атымтай жомарт», «Әбу Шаһма», «Бап Раушан» атты қисса, дастандары қазақ топырағындағы ислам тақырыбының поэзия тілінде қайта жырлануының үлгілері. Омар Шораяқұлының да бірқатар қисса, дастандары осы тақырыптармен әуендес болып келеді. Мысалы, «Мұхаммед», «Мағауия», «Тақ Сүлеймен», «Қалимулла», «Әбу Шаһыма» атты қисса, дастандарында да ислам тарихындағы белгілі тұлғалар, ондағы шытырман оқиғалар шайырдың өзіндік көркемдік шешімінің ыңғайында жырланады. Тұрмағамбеттің қисса, дастандарында да ислам тарихының мәселелері кең қамтылады. «Тұтқын қыз» атты қиссасында Сүлеймен пайғамбарға қызмет еткен Самұрық құсқа байланысты оқиға баян етіледі. Тұтастай алып қарайтын болсақ, Сыр бойы шайырларының ислам тақырыбына арналған қисса, дастандарына тән ортақ сипат – нәзирагөйлік үрдіс болып табылады.

Шайырлар мен ақындар Мұхаммед пайғамбар мен оның көмекшілері, сахабалар – Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли, сонымен бірге Дәуіт, Сүлеймен, Мұса пайғамбар, Жебірейіл, Әзірейіл періштелерге байланысты оқиғаларды кең қамтып жырлады. Әрине, мұның тағы бір себебі, оларға арналған аңыз, әпсана, ертегілік оқиғалардың жергілікті халықтың арасына мол тарағандығымен де түсіндіруге болар еді. Бұл сюжеттердің ел арасына ерекше мәлім болуына жыршы

орындаушылардың еңбегі ересен екенін атап айтуымыз керек. Мұсылмандық ізгі мұраттардың жолында күрескен тарихи тұлғалар әрекеттерінің шындығы негізге алына отырып, авторлардың көркемдік шешімімен өзіндік оқиғалардың қоса жырлануы – халықтың ойының биік көрінісі. Себебі, бүкіл арман мен мұрат, мақсат атаулының қайнар көзі – халық. Халықтың шынайы өкілдері шайыр, ақын, жыршылардың үштаған бірлігі ислам тақырыбындағы шығармалардың тарихи негіздерін кеңейте жырлауда осындай даналық тағылымды басшылыққа алды.

Ерімбет Көлдейбекұлының «Хазірет Әли мен Дариха қыз» атты дастанында пайғамбардың немере інісі, әрі күйеу баласы Әлидің (Әли ибн Әбу Тәліп) Самарқан қаласын ислам дініне кіргізу жұмысы арқау болған. Қаланың Қатрен атты патшасының жалғыз қызы, өзі сұлу, әрі палуан Дариха мен Әлидің күресі шығармаға негізгі оқиға болып өрілген. Дастанның құрылысы мына оқиғалық бөліктерден құралады. Бірінші, Самарқан қаласындағы Дариха қыздың даңқы, оның өзін күресіп жыққан жанға ғана күйеуге тиемін деуі туралы хабары. Екінші, араб жеріндегі Хазірет Әлидің Дариханың хабарын естіп, Мұхаммедтен рұқсат алып, Самарқанға келуі. Үшінші, Әли мен Дариханың күресуі. Төртінші, Әлидің Алладан, пайғамбардан, сахабалардан жәрдем сұрап, жалбарынып дұға оқып, Дариханы зорға жеңуі. Бесінші, Дариханың мұсылман дініне кіріп, Әлиге қосылуы.

Шығарманың идеялық нысанасы – ислам дінінің құдіретті күшпен астасқан ерекше қуатын дәлелдеу. Дастан сюжетінің дамуында Дарихамен күресуге аттанғысы келіп, рұқсат сұраған Әлиге айтқан пайғамбардың тоқтамы исламды таратудағы гуманистік бағдардың

көрсеткіші. Исламның әлем халықтарына таралуында ибалық, имандылық жолдан ауытқымауды ұстанған пайғамбардың ақ жолы дастанда шайырдың толғамы арқылы дәйектелген:

«Қой, балам, мақтаншылық
мұндай істі,
Дүниеде жан тумаған қыздай күшті.
Күресіп, жықсаң жақсы, барғанменен,
Жығылсаң ойла, балам, ар-намысты»

«Барам» деп Хазірет Әли
көп жалынды,
«Барма!» деп Хақ пайғамбар
бек жалынды.

Әлидің тоқтамасын білгеннен соң,
Пайғамбар фатиха беріп, қолын
жайды (Көлдейбекұлы, 1995: 274).

Дастанның идеялық желісінде қазақ даласында халықтың исламды мойындауы күрделі үдеріс болғанын көрсету де ерекше назарға алынған. Дариха – қазақтың ұлттық ділінің, ғасырлар бойы қалыптасқан батырлық рухының көркем жинақталған бейнесі. Өзінен басым түскен адамға ғана күйеуге шығуға серт байлап, осы уәдесінің ақырын күту – дала мәдениетінің шылауында болған әрідегі түркі, берідегі қазақ қыздарына тән қасиеттің бірі. Бұл тек батырлық жыр-дастандарда ғана емес, қазақтың өмірсалтына айналған әншілік, күйшілік, ақындық дәстүрді тұтынған, ата-анасы, аға-бауырлары арасында бұла өскен, өте ауқатты әулеттен шыққан қыздардың арасында да көп кездесетін ортақ жағдай. Фольклортанушы ғалым Б. Жүсіпов атақты күйші Кенжеғұл мен Айсұлу қыздың арасындағы осындай ғажап оқиғаны суреттейді (Монбекұлы, 2011: 149–155). Міне, дәл сондай «Өзімді жыққан жанға ғана тиемін!» деген мақсатты ұстанған қайратты қызды іздеп келген палуандардың барлығы («Алысып Дарихамен күші жетпей, Келгеннің

күресуге бәрі өлді») да жеңіледі. Шығарма сюжетінің шиеленісті жері – пайғамбардан, сахабалардан, бүкіл елінен тілек, бата алып келген Хазірет Әлидің қанша күрессе де діні бөлек Дариханы жеңе алмай, пұшайман болатын халі. Дастанда сөз болатын күрестің басты шарты – жеңілген батыр жеңген адамның дініне кіруі керек. Жырда бұл эпизод Дариханың сөзі арқылы беріледі:

Сен менің кім екенімді білемісің,

Жөніңе ерегіспей жүремісің?!

Осында мен жығылсам, тиім саған,

Жығылсаң сен дініме кіремісің?!

(Көлдейбекұлы, 1995: 277).

Дастан сюжетінің шарықтау шегі Хазірет Әлидің қанша арпалысса да, Дариханы жеңе алмаған мүшкіл халі арқылы көрсетіледі. Бұл жерде авторлық идея өзінің суреттемесі арқылы исламның соншама қуаттылығына қарамастан, қазақтың ұлттық ділінің қуаттылығының дәлелін көрсетуге тырысқан. Алайда, дастанның идеялық, көркемдік шешімінің басты түйіні исламның қуатын дәйектей түсу. Бұл уақиға сюжеттік шарықтау кезеңінде, 15 күндік намазы қаза болған Хазірет Әлидің қызды жеңе алмау себебі ретінде дәлелденген («Ер Әли көрген емес мұндай істі, Ойланды «Неткен жан – деп, – пілден күшті?!»). Намазы он бес күндік қаза болған, Есіне арыстанның сонда түсті»).

Намаз – исламдағы бес парыздың негізгісі болғандықтан, құлшылығын қаза етіп, иманын әлсіретіп алған мұсылманның күші мен жігері дұшпанынан кеми береді деген түсінік осы жерге желімдей жабыстырылғаны көрініп тұр. Міне, намазын қаза ету себебінен, Әлидің күші басқа діндегі қыздан да төмен болып тұр. Бұл шиеленіс өзінің шарықтау шегінде екі кейіпкердің

15 күн тайталасқан соң, тілдесуі арқылы қазақ дүниетанымы мен исламның тайталасты ықпалын елестетеді:

«Дариха, сен ұстаған қолыңды жаз,

Келейін тауға барып оқып намаз.

Намазым қаза болған себебінен,

Жығуға енді сені болмас лаж».

«Ер Әли, мен де саған құмар едім,

Ас ішпей, әлі көп күн шыдар едім.

«Іште арман кете ме – деп, жіберемін,

Болмаса қоя бермей жығар едім!».

Келейін мен де барып тамақтанып,

Он бес күн ұйықтамадым

мейірім қанып.

Намазды тез оқы да, тез қайтып кел,

Кетпеңіз қорқып қашып, серттен танып!» (Көлдейбекұлы, 1995: 279).

Әдеби шығармаларда кездесетін «көркемдік уақыт» тәсілі авторлық қиял мен өзіндік шешім аясында іске асырылатын, уақыттың серпілуі, зейінге алынуы, қабылдануының ерекшелігін түсіндіріп, танымдық мүмкіндігі мен әсерін арттыра түсетін құрал. Дастан желісінің ең шиыршық атқан жерінде 15 күндік күрес мезгілі жайдан-жай таңдалып тұрған жоқ. Бұл көбіне тыңдаушының қиялында түрлі әсерлеу тудыру үшін қолданылатын ерекше тәсіл. Мұндай ерекшелік Ермбет дастанының оқушылардан гөрі, тыңдаушының санасына негізделгенін дәлелдей түседі. Бұл жайында эпикалық жыршылық дәстүрдің білгірі, фольклортанушы Б. Жүсіпов былай дейді: «Түрлі бейнелерге ену арқылы тыңдаушыға тылсым түрде әсер етіп, оларды өзінің ұғым-түсініктеріне ұйыту жыршының тылсым бастауларға негізделген қабілеті. Бұл жыршы жасаған бейненің шынайылығы, тыңдаушының таным дүниесімен толық қабысуы, оның дүниетанымын иландыра

білу, тыңдаушысын астыртын түрде өз мақсатына ілестіре отырып, сол тұрғыда келер әрекеттерге бағыттау сияқты құрамдас бөліктерді түзеді. Тыңдаушыда болатын түрлі сезімдік (қорқу, ләззат, үміт, сенім, қайғы, жігер) үдемелер жыршының осы тылсым арқылы әсер ету қабілетінен туындайды. Жыр айту барысында іске қосылатын түрлі әрекеттік қимылдар жыршының айтатын ойдың қосымшасы немесе қосалқы үстеме дүние ретінде қабылданатын жай шабыттың нәтижесі емес. Ол жыршының өмір-өлім, даму-тоқырау туралы түсініктерді сипаттау құралдарын мүмкін болғанынша молынан пайдалану нәтижесі» (Жүсіпов, 2010: 189–190).

Ислам дінінің Орта Азия мен Қазақстанға таралу тарихнамасы аясында шайырдың сахаба мен қазақ қызын күрестіруі идеясы Дариханың жеңілмеуі арқылы уақыт пен кеңістік жүйесін сабақтастыратын көркемдік жинақтау шешімін жасаған. Автордың қиялынан туындаған осы сюжеттегі көркем шешім намазын оқып, Аллаға, Мұхаммед пайғамбарға (с. ғ. с.), сахабаларға (Әбубәкір, Омар, Оспан), бала-шағаларына (әйелі Фатимаға, балалары Хасанға, Хүсейінге) жалбарынып, медет тілеп барып, Алланың жебеуімен ғана Әлидің жеңіске жеткені. Дариханың жығылғаны, уәде бойынша Әлиге тигені, ислам дініне кіргені эпикалық баяндаумен, реалистік болмысымен жырлана келе, «Құдай – бір, пайғамбар – Хақ, Құран – шындық!», Деді де, қыз Дариха дінге кірді» деп күрмеледі. Одан әрі:

Үйретіп иман, ислам Хазірет Әли,
Жүргізді исламның әділ ісін.

Мұнан соң иман айтты жұрттың бәрі,
Исламға кіріп түгел, жиып есін!
(Көлдейбекұлы, 1995: 281).

Дастанның композициясындағы жалғасты сюжет – Арабияға қайтып кеткен Хазірет Әлидің Дарихадан туған ұлы Шаһизаданың тағдырына қатысты болып өріледі. Дариханың құрсағында 6 айлық қалпында қалған Шаһизаданың дүниеге келгені, өсіп ержеткені, мектепке барғаны, өрмек тоқып отырған кемпірден әкесі Хазірет Әли жайында білгені, шешесінен рұқсат алып Мәдинаға барған уақиғасы қазақ эпикалық дәстүріндегі белгілі сюжеттер негізінде баяндалады. Өзімен күрескен балалардың (Хасан, Хүсейін, Ханапия) бәрін жыққаны, Хазірет Әлиді де 40 қадам жерге лақтырып, күресіп жүріп айтқан мінәжаты сюжеттік шешімді жеделдетеді:

Бала айтты: «Медет бергін маған деді,
Мұхаммед сәруар ұлы бабам деді.
Хасан мен Хүсейіндей ағаларым,
Сиындым, әкем Әли, саған деді.

Медет бер, Нұр Мұхаммед,
тақсыр бабам,
Сыйындым әкем Әли шаһимардан!
Сүйікті пайғамбардың перзенті едің,
Фатима, жәрдем болғыл, махбу анам!

Мұхаммед – Құдай досы, бабам едің,
Жар болған қысылғанда панам едің.
Алысқан Арыстанмен он жеті күн,
Қолдай гөр, Дариха атты анам менің!»
(Көлдейбекұлы, 1995: 289).

Білместікпен бауырларымен алысып, әкесінің беліне қолы тигеніне өкініп, тауға қашқан Шаһизаданың ғайып болып кетуі арқылы дастанда мұсылманның байқамай істеген кейбір қателігі үшін кейде опық жейтін имани қасиеті мен ұят санаты ерекше дәріптелген. Қазақы дүниетанымда бұл «Өлімнен ұят күшті» деген ұғымға сай келеді. Ерімбет шайырдың осы шығармасының сюжеттік, композициялық желісі арқылы араб пен

қазақ жері арасындағы ислам діні арқылы қалыптасқан ортақ дүниетаным кеңістігі қамтылған. Ислам дінінің қазақ даласына таралуы, халқымыздың санасына ислам қайраткерлері есімдерінің енуі – тарихи кезеңдердің айнымас шындығы. Эпикалық шығарманың мазмұны мен пішінінің тұтастығы аясында халықтар арасындағы рухани жақындықты қалыптастырған исламның гуманистік ұлағаты Ерімбеттің поэтикалық көркемдік шешімі арқылы түйінделген.

Жалпы, Ерімбет ақынның дастандарындағы ислам тақырыбының жырлануы Шығыстың классикалық әдеби-фольклорлық дәстүрлерімен үндестік жағдайында көрінеді. Ол ислам тарихындағы кейіпкерлерді, оқиғаларды халықтың әдет, ғұрып, мәдени дүниетаным, өмірлік көзқарастарымен сабақтастыра жырлайды. Ерімбеттің эпостық шығармалары Сыр өңіріндегі халықтың армандарын, мақсат-мүддесін де айқын суреттейді.

Шегебай Бектасұлының қисса, дастандарында да Алланы мадақтау, жалбарыну, құдіретті күшке мойынсұну, сонымен қатар ислам дінінің тарихы қоса өріле жырланады. «Алла және пайғамбарлар» атты қиссада Адам Атадан бастап, соңы Мұхаммедке дейінгі пайғамбарлардың исламды нығайтуға арналған іс-әрекеттері, сіңірген еңбегі, осы жолдағы имандылық ұлағаттары жырланады. Атап айтқанда, Жаратушы Адам пайғамбарды жаратардан бұрын Жебірейіл, Мәккейіл, Исрапыл, Өзірейіл періштелерді жерге жұмсап, топырақ алдырғаны, сол топырақты балшық етіп илеп, Адамның сұлбасын жасап, оған жан бітіргені, Хауа Ананың балалары Қабыл мен Абылдың дүниеге келуі, Қабылдың қызғанышпен Абылды ұрып өлтіргені, Мұса, Ибраһим, Исмаил, Жүсіп, Дәуіт, Сүлеймен, Аюб, Ідіріс пайғамбарлардың

тылсым әрекеттері баяндалады. Алланың әмірімен Нұх пайғамбардың исламды насихаттағаны, дінсіздерге топан су қаптарда кеме жасап, жер бетін су алардан бұрын тіршілік иелерін бір-бір жұптан кемеге мінгізіп, құтқарып алғаны баяндалады. Дастанда Жүніс пайғамбардың Алланы уағыздауы, өзінің сенімсіздігі салдарынан әрекеттерінің сәтсіздікке ұшырауы, соның кінәсінен Жүністің кемеге жасырынып мініп, қашқысы келгені, бірақ кемеңіз сол үшін қозғалмаған уақыты беріледі. Жүністі суға тастағанда, судағы үлкен балық Жүністі жұтып, соның құрсағында аман қалады. Сол кезде Жүніс Аллаға жалбарынып, исламға сенбеген күнәсін мойындайды, сөйтіп қайта құлшылық ету арқылы аман қалады. Дастанда Мариям қыздан Алланың ұйғарымымен туған Исаның да Алланың елшілерінің бірі екені айтылады. Бұл ислам тарихын жүйелі оқиғалар бойынша жырлаған тарихнамалық қисса. Әрбір пайғамбардың тұсындағы оқиғаларды баяндаған кезде олардың Алланың жазуы екенін ұғындырып отыру арқылы сенімді баяндауы шығармадағы ислам тақырыбының айқындала түсіндірілуіне қол жеткізген шайырдың өзіндік бағдарламалық тәсілі деуге болады.

«Адам Ата мен Хауа Ана және кәпірден болған патшалар» атты қиссасында да ислам тарихы сөз болады. Мұнда да Алланың әуелде Адамды лайданбалшыққа айналдырып, төбесінен жан бергені, оның қабырғасынан Хауа Ананы жаратқаны баяндалады. Алланың бүкіл періштелерге Адамға иіліп, сәжде жасауды бұйырғаны, бұл жарлыққа Ібілістің ғана көнбегені, содан оның қарғысқа ұшырап, діннен қуылғаны жырланады. Ислам адамзат тарихындағы негізгі тіректің бірі болғандықтан, барлық діндегі ізгі, озат

ойлы тұлғалардың барлығын да Құран Кәрімге кіргізе отырып, әзәзілдіктің негізгі ортақ тұлғасы Ібілістің азғырғыш келбетіне қарғыс айтады. Ақын Алланың ұйғарымындағы осындай шиеленісті сәтті тарих тілімен сөйлетеді: «Баршадан озат, ұлық бұл Адам» деп, Бұйырды сәжде етуді бір Құданы.., Әзәзіл тақаппарлық сәжде қылмай, Аңласаң болды қандай оның жайы».

Шығарманың екінші бөлімінде исламнан басқа діндегі патшалар туралы айтылады. Бұл бөлімде өздерін Аллаға тең санаған Ферғауын патшаның Мұса пайғамбардың дұғасымен апатқа ұшырап, жойылғаны баяндалады. Сонымен қатар, Намұрат пен Шуддат атты пайғамбарлардың Алла жаратқан пейішті жер бетінде тұрғызу үшін әуре-сарсаңға түсіп, 40 жыл әрекеттенгені, оларға Ибраһим пайғамбардың уағыз айтқаны, ақыры аталған патшаларды Алланың жазалағаны айтылады. Халықты күйзелткен сондай озбыр асып-тасқандарды Алланың апатқа ұшыратып жазалайтыны көркем тілдің өрнектерімен кестелі беріледі. Шығарманың түйінді тұсы адамзаттың болашағы үшін Алла тағала Мұхаммедті ақырғы пайғамбар етіп жібергеніне арналады. Қорытынды пікірі исламнан өзге жолды тұтынғандардың Аллаға шек келтіруінің ақыры жаман болатыны ескертіледі. Шығарманың тақырыптық мазмұны адамзаттың имандылықпен өмір сүруінің мәнін түсіндіреді.

Оқиғадағы тақырыптық, идеялық мазмұнды қысқаша сипаттап көрсетудегі мақсатымыз Сыр бойы шайырлары шығармаларындағы ислам тақырыбының игерілу деңгейін байқату. Қисса, дастандар замандар бойы халықтың рухани жүйесін реттеп, талап-тілегін қанағаттандыруға қызмет еткен мәдени қазына. Көшпелі және

жартылай отырықшылық жағдайында өмір сүрген қазақтардың намаз оқып, неке қию, баланы сүндеттеу, жаназа рәсімін өткізу секілді күнделікті тұрмыс, тіршілігі мен өмір салтындағы аса маңызды мәселелерді ислам қағидалары бойынша атқаруының қалыптасуында осындай эпикалық шығармалардың ықпалы елеулі болды.

Сөз арқауындағы мәселенің бірі ретінде ислам тақырыбындағы Сыр бойы шайырларының қисса, дастандарының мазмұнын халықтың құлағына сіңіруде жыршылық, орындаушылық мектептердің маңызды рөл атқарғанын атап айтамыз. Қисса, дастандардың құрылысында да мақамдық, әуездік ерекшеліктер бар. Сөз арқауына алынған Ерімбет, Тұрмағамбет, Омар, Шегебайдың ислам тақырыбындағы қисса, дастандарының жазылу стилі жағынан өзіндік ырғақтық, ұйқастық өлшемі өзіне ғана тән өрім жүйесін құрайды. Аталған шығармалардың өлеңдік құрылысы көбінесе 11 буындық тармақтық өлшемге негізделеді. Әрбір тармақтардың буындық бөліністерінің үндестік заңының үйлесімділігіне негізделетіні белгілі. Он бір буындық өлшеммен жазылған қисса, дастандардың композициялық құрылымында кейде 7–8 буындық өлшемдегі жыр үлгісіндегі бөліктер де кездеседі. Бұлар автордың дастан кейіпкерлерін әртүрлі оқиғалар кезіндегі көңіл-күйлерін айқындау үшін қолданылатын әдіс үшін пайдаланылады. Ықшам әрі музыкалық ырғаққа түскенде жылдам берілетін 7–8 буындық өлшемдегі жеке бөліктер кейде кейіпкердің арнауы немесе Аллаға жалбарынуы түрінде болып келеді. Олардың әрқайсысына тән ырғақтық өлшемдерінің ерекшеліктері болады.

Ислам тақырыбына жазылған қисса, дастандар эпикалық жанрлардың

қатарын құрайды. Бұл жанрдың халыққа танылып, таралуында орындаушылық өнердің қызметі ерекше. Өнертанушы Б.Г. Ерзакович мынадай дәйекті, тиянақты жүйені ұстанады. Ол қисса, аңыз тәрізді эпикалық туындыларда мәтін мен әуез біртұтас көркемдік тұтастықпен үлкен туындылардың классикалық үлгісін көрсететінін атайды. Осындай пікіріне сабақтастыра отырып қисса, дастан тектес туындылардағы ырғақтық әуезділік жүйенің түрлерін саралап көрсетеді: «Многолетнее изучение обширного материала по казахскому эпосу, а также личные записи музыки многих эпических сказаний привели нас к заключению, что к началу XX века казахский эпос получил музыкальное воплощение в трех видах: песенно-речитативном, музыкально-иллюстративном (фрагментарном) и музыкально-завершенном (програмном). Многие эпические произведения, относящиеся к отдаленным друг от друга эпохам имеют разное вокальное и инструментальное воплощение. При этом отмечается специфическая дифференциация: для героического эпоса (батырлар жыры) более характерна песенно-речитативная и музыкально-завершенная инструментальная форма, для лиро-эпического и музыкально-иллюстративная формы воплощения, при этом чаще в вокальном исполнении. Лиро-эпический эпос в форме инструментальных музыкально-завершенных произведениях нам пока не встречался» (Ерзакович, 1979: 4).

Эпостанушы Ә. Қоңыратбаев пен Р. Бердібаев қисса, дастандардың фольклор мен әдебиет дәстүрлерін сақтаудағы орындаушылық өнер табиғатын саралайды. Біз қарастырып отырған қисса, дастандардың

тақырыптық желісі исламды нығайту жолындағы батырлық, ерлік соғыстарына арналғандарында өлеңдік-речитативтік (песенно-речитативная форма) әуенді жыр, тақпақ және әуездік-аяқталған аспаптың түрі (музыкально-завершенная инструментальная форма) қолданылады. Ал қисса, дастандардың тұрмыстық, әлеуметтік мәселелерге арналған түрлерінде өлеңдік-речитативтік және әуездік-көрнекті (музыкально-иллюстративная форма) үлгілері де қолданылады. Ал Ерімбет шайырдың «Хазірет Әли мен Дариха қыз» қиссасында осы екі үлгі аралас қолданылады.

Қисса, дастан құрылысының мына бөліктерден құралатыны байқалады: дастанның кіріспе бөліміндегі лирикалық толғаныс, автордың оқырмандарына сөз арнауы. Мұндай лирикалық толғаныстарда ақын өзінің мұсылмандық көзқарастарын, фәни тіршіліктегі имандылық тағылымын үйренуге шақырады. Лирикалық толғаныс, сөзбен әуен ырғақтары жүрдек, көтеріңкі көңіл-күй сипатын аңғарта жырланады. Мысалы, Тұрмағамбет ақынның Сүлеймен пайғамбар мен оның көмекшісі Самұрық құсқа арналған «Тұтқын қыз» қиссасында осындай кіріспе-арнау бар:

Бәденнен жан бұлбұлы ұшса қай күн,
Бөз болар үш-ақ қары алар бәйгең.
Бес күнгі бақ, дәулетті көтере алмай,
Келеді кеуіп-пісіп адырайғың.
Тұтқасын дүниенің қолмен ұстап,
Тағынан тіршіліктің келмес тайғың.
Ол ойың өте ұят, ойла онан да,
Ішінде аз өміріңнің не лайығың?!
Қамын же, қарның сипап

жата бермей,
Келмесе халық алдында
құр мұңайғың.

Саулық – сыр сияғында, кеуде – сарай,
Жан білсе ұқсасында, өмір-майдың
(Ізтілеуов, 1972: 189).

Осы кіріспе арнау өлең бөлігінің мәтіндегі ойларды әуезді, бейнелі тіркестермен өріп жырлауда тыңдаушының жан дүниесін баурайтындай ерекше көтеріңкі көңіл-күй байқалады. Ал, дастанның негізгі бөліміндегі «Бір кеудеде екі басы бар» самұрықтың барлық құстың сұлтаны бола жүріп, Сүлеймен патшаның қызметін шеккен кезіндегі оқиғаларды баяндай жырлауда, өлең өрімінің интонациялық, ырғақтық жүйесі қазақ поэзиясындағы дәстүрлі өрнектерді түрлендіре қолданылуымен ерекшеленеді. Он бір буындық дастанның мазмұны мен пішіні жүйесіндегі оқиғалардың сюжеттік дамуы, шиеленісті шарықтау шегі, шешуі түрлеріндегі кезеңдерде лирикалық өрімдер ұштастырыла, жымдаса қолданылады. Жаратылыс заңдарын бұзуды ойлаған Самұрық құсты Сүлеймен патша арнайы тапсырмаға жұмсайды. Соны орындағанда ғана жаратылыс заңын бұза алатын құқықты иеленетінін мәлімдейді. Батыстағы патшадан туған қыз бен Шығыстағы патшадан туған ұлдың болашақта ерлі-зайыпты болуы Алланың жазуында көрсетілген еді. Сүлеймен пайғамбар Самұрыққа осыны болдыртпаса ғана тіршілікке уәж айтуға болатынын ұғындырады. Орнына кепілдікке үкіні қойған Самұрық Батыстағы патшаның әйелінен туған қызды бесігімен көтеріп алып, бір аралдағы ұясына әкеледі. Ұяда өсіп, Самұрықты анасындай көрген қызға бір заманда Шығыстағы патшаның ұлы сапар шегіп жүріп жетеді. Кемелері қыз тұрған аралға тоқтап, ақыры қыз бен жігіт қосылып, перзентті болуға бет алады. Жебірейіл періште мұның бәрін білгесін, Сүлейменге хабар береді. Ол

қызды алып келуге бұйырады. Арнайы істеткен сандыққа жігіт екеуі тығылып, Самұрық көтеріп ұшып келе жатқанда, қыз көк жүзінде босанады. Оқиғаның шешуінде, сандықтан ерлі-зайыпты, әрі балалы болып шыққандарды көріп, жұртқа масқара болған Самұрық ұялғаннан Қап тауына ұшып кетеді.

Осы сюжеттік бөлікті тұтастай жырлау кезінде драмалық, психологиялық алуан түрлі көңіл-күй құбылыстары болады. Оқиғаны нәзира тәсілімен жырлауда әрбір кейіпкердің көңіл-күйін, мінез-құлық машықтарын шайыр көркем кестелермен тірілтуге тырысады. Ойымызды нақтылай түсу үшін осы жерге фольклортанушы Б. Жүсіповтың мына бір ойы дәл келеді: «Көркем кесте өлең өрімінің негізгі шарты болуымен қатар, танымның да басты құралы. Ой еңбегіне ғана тән бұл негізгі сипат сыртқы дүниенің сан түрлі сырын тану арқылы өз мүддесін табиғатпен беттестіріп, нақты мұраттар жасайды. Сөйтіп, дерексіз ұғымдарды деректімен шендестіре дамыту арқылы көркем бейне тудырып, табиғаттағы жарасым жыр дестесінде керемет келісімге айналады» (Жүсіпов, 2010: 168). Міне, көркем кестенің дами келе көркем бейнеге ұласуын көрсететін қиссаның үшінші бөлімі негізгі оқиғаның мазмұнынан туындайтын қорытынды ой болып түйінделеді. Бұл нақыл, өсиет, ғибрат айту түріндегі философиялық өрнектермен жырланады.

Эпикалық туындының поэтикалық, эстетикалық түйіні имандылық, адамгершілік тұғырды эстетикалық таныммен түсінуге жол ашады. Қисса, дастан секілді көлемді туындыларға арқау болған ислам тарихындағы көрнекті тұлғаларды, оқиғаларды баяндаудың психологиялық, эстетикалық, танымдық, тағылымдық

маңыздылығы айқын. Бұл жанрдағы шығармалардың авторлық идея аясында орындаушылар мен тыңдаушы арасындағы танымдық көзқарас пен қатынастарды да қалыптастыратыны белгілі. Ал, осы шығармалардың жыршылық өнер арқылы орындалуында әуездік көрнекілік (музыкально-иллюстративный) үлгімен орындауда қисса, дастандардың негізгі мазмұны әуенділіктің аса дамыған түрінде речитативті тәсілді пайдалану арқылы жүріп отырады. Жыршы шығарманың мазмұнын толық жырлау барысында кейіпкерлердің ішкі жүйесінде жүріп отыратын монологтарын, диалогтарын, кейбір шиеленісті оқиғалардың әсерлі көріністерін кең тынысты вокальдық және аспаптық фрагменттермен береді. Әрине, әдеби шығармаларды ғасырлар бойы халықтың санасына сіңіріп келген жыршылардың бұл қызметі көркемөнердің ерекше пәрменділік сипатын дәлелдей түседі.

Қисса, дастан жырлау дәстүріндегі өзбек халқының вокальдық орындаушылық пен аспаптық фрагменттік жүйенің өзара байланысы, бірін-бірі сабақтаса толықтыратын ерекшелігі туралы өнертанушы А. Эйхгорн өзінің көзімен көргендерін былайша жазып қалдырыпты: «На базаре в старом Ташкенте я слышал одного рапсора, рассказчика героических и других сказаний с пением и музыкой (сопровождение на дутаре). В одной чайхане, расположенной на бойком месте, сидел слепой узбек, окруженный слушателями, и рапсодировал. Сначала он декламировал очень длинное повествование. Затем, вероятно, чтобы отдохнуть после длинного сказа, он начал тренокать на дутаре, который у него все время был наготове в руках, инструментальную прелюдию, после

чего снова перешел к повествованию» (Эйхгорн, 1963: 135).

Мысалы, сөз арқауындағы Ерімбет шайырдың қисса, дастандарында осындай ерекшеліктер байқалады. Хазірет Әлидің (Ғали) исламды нығайту істеріне арналған шиеленісті уақиғаларды орындаған жыршының тынысы кең ашылып, иірімі мол қайырымдар тізбектеледі. Сол кең тынысты қайырымдарды күшейте түсетін аспаптық (домбыра сазы) фрагменттер де мол. Сыр бойы шайырларының лирикалық және эпикалық шығармаларының тақырыптық, идеялық, жанрлық, стильдік, көркемдік сипаттармен тұтас жасалуында авторлардың ислам елдері мәдениетінде қалыптасқан мақамдық дәстүрмен сабақтастығы бар. Сыр бойы жағалауында орналасқан елдер арасындағы өнер шеберлері мұсылмандық Шығыс әдебиеті дәстүріндегі сөз өнері мұраларын осы мақамдық дәстүрлер аясында сақтады, насихаттап таратты, дамытты. Ежелгі дәстүрдегі түркі, араб, парсы халықтарының әрқайсысына тән этникалық, этнографиялық ерекшеліктері бар өнер негіздері VIII ғасырдан бастап исламдық тақырыппен, сарындармен жалғасты.

Құранның сүрелері мен аяттарын өлеңдік, ақ өлеңдік табиғатына орай мәнерлеп, мақамдап оқу дәстүрі жергілікті халықтардың әуездік, әншілік өнер дәстүрлерімен тоғысты. Бұл орайда зерттеуші О.Х. Ибрагимовтың «Семантика макомов» атты зерттеуіндегі пікірі біздің ойымызбен үндес келеді: «Как известно, система макмата (Шашмаком, Хорезмские махомы и Фергано-Ташкентские макомы) возникшая на основе предшествующих ей форм макомного искусства путем

ассимиляции местных, музыкальных культурных традиций, является преемницей не только ладо-мелодической и метроритмической программы системы Двенадцати макомов. В частности, это подтверждается тем обстоятельством, что многие наименования, системы 12 макомов (Уш шох, Рост, Наво, Бузрук, Хусайни и др.) фигурируют в числе основных в системе современного макмата. Помимо того, среди названия составных частей макомных циклов встречаются термины, имеющие непосредственное отношение к традиции суфизма (маком, каландар, самандар, гардун, чарх, гиря, фаред). Также, в основных частях вокального раздела макомов преимущественно и используются поэтического текста суфического толка (Хафиз, Табризи, Руми, Джами, Навои, Лутфи, Машраб). При этом отмечается, что собственно-музыкально выразительные средства и имманентные закономерности, в комплексе имеют приоритетное значение в плане выражения основных образных сфер макомов» (Ибрагимов, 1998: 18–19).

Бұл пікірдің қазақ әдебиеті мен фольклорына да қатысы бар. Мақамдар шоғырының көп ғасырлық қалыптасу, даму жолында олардың көпшілігінің қазақ сөз өнері мен әуез дәстүрімен біріге араласып кеткені анық. Сонау ежелгі түркі ру-тайпалары замандарында қалыптасқан қобыз, домбыра, сазсырнай, сыбызғы, дауылпаз, жетіген секілді аспаптармен егіз өріліп айтылатын фольклорлық-этнографиялық негіздер жүйесіндегі түрлі саз-сарындар кейінгі дәуірге өнер туындылары ретінде жетті. Сыр бойының шайырлары шығармашылығында діни қисса, дастандардың жазылып, халық арасында жырланып айтылу табиғатында

саралап көрсетуге болатын мынадай ерекшеліктер байқалады:

1. Ислам діні тарихының түрлі оқиғалар жүйесіне арналған қисса, дастандардың тақырыптық, идеялық желісі Құран Кәрім сүрелері аяттарындағы сюжеттік желілерге негізделіп жырлануымен ерекшеленеді. Дастан авторлары да, туындыларды жырлайтын жыршылар да бастапқы Құран сүрелеріндегі ислам тарихын баяндайтын сарындардың дүниетанымдық, эстетикалық, гуманистік сипатын сақтауға күш салады.

2. Исламның қағидаларын басшылыққа ала отырып қалыптасқан «Он екі мақам жүйесі» қисса, дастан оқиғаларының сюжеттік, композициялық өрісіне негіз болған. «Он екі мақам жүйесіндегі» ұлы Жаратушы Аллаға, ақиқатқа ғашықтық (Ұшпақ, Нава, Бусалик), исламның қасиетті сара жолына деген адалдық (Рост, Хусайни, Рохавий, Зангула) қасиетті мекендерді құрметтеу (Хиджаз, Ирак), имандылық мақсаттарына жету (Исфahan, Зирофканд), мұсылмандардың ғаламдық кеңістіктегі бүкіл тіршілікке құрметі (Кучак, Бузрук) сынды он екі мақамдық тақырыптық, идеялық желіде ақындар шығарма жазды, ал жыршылар оны халық арасында жырлады.

Әрине, ислам тақырыбындағы жүйемен тоғысатын жергілікті саз-сарындардың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл – IX–X ғасырларда Сырдарияның орта, төменгі ағыстары жағалауларын мекендеген оғыз мәдениетіндегі фольклор мен әдеби дәстүрлер. Көбінесе қобызбен айтылатын жыршылардың (ұзандардың) шығармаларындағы мақамдық тұтастық мәңгілік өмір туралы бақсылық наным-сенімдермен ұштасып жататын. Алайда, исламға дейін-ақ Жаратушы жалғыз Көк Тәңірі ұғымын толық иеленген түркі

(оғыз-қыпшақ) тайпалары исламдық қағидаларды жатсынбай қабылдады. Сондықтан Сыр бойы шайырларының шығармаларында арабша Алла, парсыша Құдай, түркілік Тәңірі сөздері бір ғана мәндегі исламдық мәдениет танымындағы сөз болып қалыптасты. Кейіпкерлер мен оқиғалардың тарихилығы мен шығармалардың көркемдік шешімі осындай өркениеттер тоғысуына негізделді.

Сыр бойындағы шайырлар шығармаларының танымдық, эстетикалық қуатын күшейткен басты құрал жыршылық өнер. Поэзиялық туындыдағы тақырып, идея, сюжет, композиция, стиль ерекшеліктерін, олардың танымдық күшін тыңдаушыларға жеткізуде жыршылардың орындаушылық өнер дәстүрі шешуші қызмет атқарды. Сыр бойы ақындарының замандар бойы имандылық, адамгершілік ұлағатын ұрпақ санасына сіңіруде жыршылардың шығармашылық өнері тәлім-тәрбиелік маңызға ие болды. Өңірдегі шайырлық, ақындық, жыршылық өнер мектептері имандылық, адамгершілік тақырыбының насихатын үздіксіз жүргізді. Бұларды сабақтастырған негізгі ерекшелік – ислам дінінің тарихын, қағидаларын жырлау үрдісі. Сонымен қатар, Құран Кәрім сүрелері мен аяттарын оқу Құран сюжеттерін қазақтың ұлттық ділімен ұштастырды. Бұл жерде мақам сөзі дидактикалық, философиялық, гуманистік, эстетикалық дүниетаным мағынасында қолданылды. Ғарыштық тіршілік ауқымындағы барлық заттардың, қозғалыстардың мәңгілік үйлесімге құрылған жүйесін біз Ахмет Иассауи жырлағандай «Алланың мақамы» ұғымы аясында түсінеміз. Сондықтан, Сыр бойы сөз иелерінің шығармаларындағы, әсіресе

қисса, дастандар желісіндегі ислам тақырыбының жырлануында жыршылар қалыптастырған дәстүрлі үлгілердің әдебиеттің халықтығын нығайтуда ешқашан да маңызын жоймайтындығын атап айтамыз.

Академик А.Қ. Жұбанов халық әдебиеті шығармаларының дәстүрлі ұлттық өнер дәстүрлерімен тұтастығы туралы «Термеге жақын келетін, әр жыршының өзінің жақсы көретін сазы болады. Мысалы, Әкімгерейдің сазы, Қарасайдың сазы, Бітегеннің сазы, Сабырдың сазы дегендердің әрқайсысының өзіне тән мелодиялық, ырғақтық, екпіндік ерекшеліктері бар. Сонымен қатар, ол саздар бірқалыпты қалып қоймай, орындау кезінде, жыршының алған тақырыбына қарай құбылып отырады, музыка жыршының объектісіне қарай бейімделеді» (Жұбанов, 1985: 195) деген болатын. Бұл пікірдің Сыр бойы ақын, шайырларының шығармаларын халық арасында замандар бойы жырлап келе жатқан жыршылардың авторлық қабілеттеріне де толық қатысы бар. Осылайша біз қазақ әдебиеті мұраларының ғасырлар бойы халықтың жадына сіңіп, ұлттық ділдің, дүниетаным негіздерінің сақталуын қамтамасыз еткен шығармашылық табиғатынан көп жағдайларды аңғарамыз. Құран сюжеттерін, ислам қағидаларын, пайғамбар хадистерін негізге алып жырлаған шайырлардың өлең мәтіндері бізді осылайша алуанбояулы эстетикалық таным әсеріне жолықтырады.

Қорытынды

Қазіргі замандағы әдебиеттану халықтың тарихымен ғасырлар бойы бірге жасап келе жатқан сөз, әуез, бейнелеу, сәулет өнері түрлерінің ортақ көркемдік табиғатын қамти қарастыруды

мұрат тұтатын кешенді ғылым. Халықтың тарихы, географиялық орналасуы мен әлемдік мәдени байланыстары қамтыла келе, рухани мәдениет қазыналарының өзекті мәселелері жаңа көзқарастар тоғысында

пайымдалғаны дұрыс. Біз сонда ғана қазақтың ұлттық болмысына сіңген ислам мәдениетінің қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихына қатысты сырларын ғылыми негізде саралау арқылы жаңа міндеттерге жол аша аламыз.

Әдебиеттер

1. Қабдолов З. Сөз өнері: Әдебиет теориясының негіздері. Алматы: Мектеп, 1982 ж. - 366 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1989 ж., - 320 б.
3. Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1983 ж. – 2 т. – 456 б.
4. Қожакеев Т. Сатиралық жанрлар. – Алматы: Мектеп, 1983 ж. – 215 б.
5. Шораяқтың Омары. Сөйле, тілім, жосылып: Өлеңдер, дастандар, айтыстар. – Алматы: Рауан, 1995. ж. – 301 б.
6. Ізтілеуов Т. Назым: Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1972 ж. – 264 б.
7. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. / Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996 ж.. – 240 б.
8. Көлдейбекұлы Е. Ұлағат сөзім ұрпаққа. – Алматы: Маржан, 1995 ж. – 320 б.
9. Момбекұлы Т. Жаратқан, жар болғайсың. – Алматы: Ағна-б, 2011 ж. – 372 б.
10. Жүсіпов Б.М. Сүлейлер. Монография. – Алматы: Ағна-б, 2010 ж.. – 232 б.
11. Ерзакович Б.Г. Музыкальное наследие казахского народа. – Алматы: Наука, 1979 г. – 184 с.
12. Эйхгорн А. Ф. Музыкальная фольклористика в Узбекистане / Под ред. В. М. Беляева. – Ташкент: Изд. АН УзССР, 1963 г. – 179 с.
13. Ибрагимов О.А. Семантика мақомов: Автореф. д-ра филол. наук. – Ташкент. 1998 г. – 31 с.
14. Жұбанов А. Өскен өнер. – Алматы: Ғылым, 1985. – 248 б.

References

1. Qabdolov Z. Sóz óneri: Ádebiet teoriasynyń negizderi [Art of words: Basics of literary theory]. – Almaty: Mektep, 1982. – 366 b (In Kazakh).
2. Baitursynov A. Shyǵarmalary: Óleńder, aýdarmalar, zertteýler [Works: Poems, translations, studies]. – Almaty: Jazýshy, 1989. – 320 b. (In Kazakh).
3. Qabdolov Z. Eki tomdyq tańdamaly shyǵarmalar [Selected works in two volumes]. – Almaty: Jazýshy, 1983. – 2 t. – 456 b. (In Kazakh).
4. Qojakeev T. Satiralyq janrlar [Satirical genres]. – Almaty: Mektep, 1983. – 215 b. (In Kazakh).
5. Shoraiattyń Omary. Sóile, tilim, josylıp: Óleńder, dastandar, aýtystar [Speak, speak, speak: Poems, sagas, arguments]. – Almaty: Raýan, 1995. – 301 b. (In Kazakh).
6. Íztileýov T. Nazym: Tańdamaly shyǵarmalary [Title: Selected works]. – Almaty: Jazýshy, 1972. – 264 b. (In Kazakh).
7. Ádebiettaný terminderiniń sózdigi. / [Dictionary of literary terms] Qurast.: Z. Ahmetov, T.

Shańbaev. – Almaty: Ana tili, 1996. – 240 b. (In Kazakh).

8. Kóldeibekuly E. Ulaǵat sózim urpaqqa [My words are for posterity]. – Almaty: Marjan, 1995. – 320 b. (In Kazakh).

9. Mombekuly T. Jaratqan, jar bolǵaisyń [God blessed]. – Almaty: Arna-b, 2011. – 372 b. (In Kazakh).

10. Júsipov B.M. Súleiler. Monografia [Storyteller. Monograph]. – Almaty: Arna-b, 2010. – 232 b. (In Kazakh).

11. Erzakovich B.G. Mýzykalnoe nasledie kazahskogo naroda [Musical heritage of the Kazakh people]. – Almaty: Naýka, 1979. – 184 s. (In Russian).

12. Eihgorn A. F. Mýzykalnaia fólkloristika v Ýzbekistane [Musical folklore in Uzbekistan] / Pod red. V. M. Beláeva. – Tashkent: Izd. AN ÝzSSR, 1963. – 179 s. (In Russian).

13. Ibragimov O.A. Semantika makomov: Avtoref. d-ra filol. Naýk [Semantics of makoms: Abstract of the thesis. Dr. Philol. Sciences]. – Tashkent, 1998. – 31 s. (In Russian).

14. Jubanov A. Ósken óner [Grown up art]. – Almaty: Ğylym, 1985. – 248 b. (In Kazakh).

Байбосынова У.М.¹

¹Казахский Национальный Университет Искусств
г. Астана, Казахстан
email: ulzhan_mb@mail.ru

ИСЛАМ В ТРАДИЦИОННЫХ ЭПИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ КАЗАХОВ СЫРДАРЬИ

Аннотация. В статье даются сюжеты, касающиеся религии ислама в эпических произведениях казахов Сырдарьи. Это свидетельствует о взаимосвязи и преемственности традиционного мировоззрения и ислама. Цель и задачи статьи-всестороннее рассмотрение проявлений ислама в эпических произведениях казахов на протяжении всей истории, сопоставление их содержанием произведений деятелей культуры из данного региона. Разбивка эпических произведений по жанровой специфике, хронологической и содержательной актуальности в соответствии с целью исследования. Результаты. В ходе анализа актуальных проблем исследовательской статьи были рассмотрены исследовательские работы А. Байтурсынова, З. Кабдолова, О. А. Ибрагимова, А. Жубанова, А. Ф. Эйхгорна, Б. Г. Ерзаковича, проанализированы проявления исламской тематики в произведениях Омара Шораякулова, Турмагамбета Изтлеуова, Еримбета Оздейбековича и других поэтов и исполнителей. Заключение, в зависимости от предмета исследования статьи, были рассмотрены вопросы ислама в традиционных эпических произведениях казахов Сырдарьи. Это показывает глубину культурного потенциала казахов данного региона, показывает, что религиозные вопросы с самого начала пропагандировались среди населения через жырауов. Кроме того, установлено, что в произведениях и жанровых особенностях видных представителей Жырауской школы на протяжении всего Сырдарьи сложились проблемы исламской религии как составной части.

Ключевые слова. Сырдарья, эпос, ислам, культура, фольклор, религия, традиции.

Baibosynova U.M.¹

¹The Kazakh National University of Arts
Astana, Kazakhstan
email: ulzhan_mb@mail.ru

ISLAM IN THE TRADITIONAL EPIC WORKS OF THE KAZAKHS OF SYRDARYA

Abstract. The article presents the plots related to the Islamic religion in the epic works of the Kazakhs of the Syr region. This testifies to the relationship and continuity of the traditional worldview and the Islamic religion. The purpose and tasks of the article is to comprehensively consider the manifestations of the Islamic religion in the epic works of the Kazakhs of Syrdarya, to compare them with the content of the works of cultural creators of this region. According to the purpose of the research, the epic works should be distinguished according to their genre characteristics, chronological and content significance. Received results. During the analysis of topical issues of the article the research works of Baitursynov A., Kabdolov Z., Ibrakhimov O.A., Zhubanov A., Eikhgorn A.F., Erzakovich B.G. were reviewed and the manifestations of the Islamic topic in the works of Omar Shorayakuly, Turmagambet Iztileuov, Yerimbet Koldeibekuly and other poets and artists were analyzed. In conclusion, according to the object of the article research, the issues of Islam in traditional epic works of the Kazakhs of the Syr were considered. This testifies to the depth of cultural potential of the Kazakhs of this region and the fact that the religious issues have been promoted among the people by zhyrshy since ancient times. In addition, it was established that issues of the Islamic religion were formed as an integral part in the works and genre features of outstanding representatives of the Syr Zhyrau school.

Keywords: Syrdarya, epos, Islam, culture, folklore, religion, traditions.

Автор туралы мәлімет:

Байбосынова Ұлжан Мәлікайдарқызы, ф.ғ.к., Қазақ ұлттық өнер университеті, Қорқыт ата ғылыми зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері.
ORCID 0009-0008-4463-3009

Сведения об авторе:

Байбосынова Улжан Маликайдаровна, кандидат филологических наук, Казахский национальный университет искусств, ведущий научный сотрудник НИЦ «Коркыт Ата».
ORCID 0009-0008-4463-3009

Information about the author:

Baibosynova Ulzhan Malikaidarovna, Candidate of Philology, the Kazakh National University of Arts, the Korkyt Research Center, Leading Researcher. Astana, Republic of Kazakhstan.
ORCID 0009-0008-4463-3009